

ЖАҢАЛЫҚТАР

Вадим Бореико “Гиперборей” YouTube-арнасының жұмысын уақытша тоқтататынын мәлімдеді

4 қыркүйек 2026 жыл, 08:12



Вадим Бореико. Сурет журналистің Facebook парақшасынан алынды

Қазақстандық журналист Вадим Бореико ұзақ демалысқа кететінін мәлімдеп, “Гиперборей” YouTube-арнасының жұмысын уақытша тоқтататынын мәлімдеді.

Журналистің сөзінше, тамызда ашылғанына 7 жыл болған арнаның жұмысы барысында бірде-бір рет толымды демалыс алмаған.

“Шаршағаным былай тұрсын, үйдегі шаруалар да жиналып қалды. Сондықтан ұзақ демалысқа кетемін. Ешқайда бармаймын, Алматыда қаламын: құрылыс компаниясының маған қатысты шағымы бойынша азаматтық сот аяқталған жоқ. Гиперборей арнасындағы хабар әзірге тоқтады. Biz Birgemiz бағдарламасының жазылушылары бойынша да видеолар (қыркүйекте оған үш жыл толады)

тоқтайды. Жазушыларымнан сол үшін кешірім сұраймын” деп жазды Бореико. Оның сөзінше, қайырымдылық мақсатында ақша жинау ғана тоқтамайды.

Ол "Гиперборей" YouTube-арнасы қашан жұмысты қайта жалғайтынын нақтыламаған.

Бұған дейін "Etude-Ybyrai" компаниясы журналист жариялаған материалдар "іскерлік беделге нұқсан келтірді" және "жалған ақпарат таратты" деп сотқа жүгінген. Бореико өзіне тағылған айыптарға нақты айғақ-дәлелдер жоғын айтқан. Осыған дейін осы іс аясында журналистің шоттары да бұғатталғаны [хабарланған еді](#).

- Вадим Бореико Қазақстан билігі туралы сыни хабар шығаратын тәуелсіз журналист ретінде танылған. Биыл ақпанда әлдекімдер оның Facebook пен Instagram-дағы аккаунттарын бұзған. Журналистикада 40 жылдан астам уақыт еңбек етіп жүрген Бореико 2000 жылдары "Время", [Forbes.kz](#), [Ratel.kz](#) басылымдарында жұмыс істеп, одан кейін YouTube платформасында "Гиперборей" арнасын ашқан.
- 2023 жылдың басында белгісіз біреулер Вадим Бореико пәтерінің есігін құрылысқа арналған көбікпен бекітіп [кеткен](#). Ізінше онымен бірге жұмыс істейтін бейнеоператор Роман Егоровтың екі автокөлігін біреулер өртеп кеткен. Егоров бұл әрекеттің кәсіби қызметіне қатысы бар деп санайтынын айтқан. Сол жылы күзде Алматы соты журналистерге шабуыл ұйымдастырды деп айыпталған адамдарға шартты жаза бергені [хабарланған](#) (сотталушылардың өзге де журналистерге жасалған шабуылға қатысы бар деп айтылған).

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ